

«RUSSIAN LEGAL REALISM»:¹ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫНА РЕЦЕНЗИЯ



J.R. TEMIRBEKOV,
PhD, M.S. Náríkbaev atyndagy
KAZGUU Ýniversitetiniń Jarua
quyq departamentiniń aga
oqytýshysy

Бұл мақала келесі кітапқа рецензия болып табылады: Bartosz Brożek, Julia Stanek, Jerzy Stelmach: «Russian Legal Realism», Springer. 2018. – 176 p.

Кітап кейбір ресейлік көрнекті ізашар-ғалымдардың мемлекет пен құқықтың негізінен әлеуметтік және психологиялық теориялары саласындағы идеяларына, теорияларына және тұжырымдамаларына заманауи көзқарасты көрсететін бірегей басылым болып табылады.

Рецензияланатын жұмыста өз заманының көрнекті ғалымы Лев Иосифович Петражицкийдің құқық теориясындағы психологиялық ұстанымына және негізін қалаушысы әйгілі ресейлік әлеуметтанушы-позитивист – Сергей Андреевич Муромцев саналатын әлеуметтік ұстанымға ерекше көңіл бөлінеді.


Сонымен қатар, кітапта Николай Коркунов, Михаил Рейснер, Моисей Лазерсон, Александр Круглевский, Питирим Сорокин, Николай Тимашев және тағы басқа ғалымдардың мемлекет пен құқық жайлы саяси-құқықтық ойлары келтірілген. Сондай-ақ, басылымнан Эдмунд Гуссерл, Евгений Эрлих, Джон Сирл және басқа да танымал зерттеушілердің әлеуметтану және психология саласындағы қызықты пайымдаулары мен ойларын таба аласыз.

Кейбір мақалаларда ресейлік құқықтық реализм өкілдері мен олардың шетелдік әріптестерінің идеялары арасында терең салыстырмалы талдаудың жүргізілуі бұл жинаққа енген жұмыстарға қосымша құндылық береді.

Мақалалардың сәтті таңдалған тақырыптары кітапты тек құқық философиясына қызығушылық білдіретіндер үшін ғана емес, кез келген оқырманға қызықты әрі танымды етеді.

Тірек сөздер: ресейлік құқықтық реализм, құқықтық мәдениет, құқықтың психологиялық теориясы, Л. Петражицкий құқықтық идеялары, құқықтың әлеуметтік теориясы, құқықтық сана, С. Муромцевтың құқықтық идеялары, Н. Коркуновтың құқықтық идеялары, М. Рейснердің көзқарастары, әлеуметтік мәдениет.

«Russian Legal Realism» – 10 мақаладан тұратын, XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басында Ресейде құқықтық реализммен байланысты түрлі идеялар мен бағыттардың дамуына және оларды дамытушыларға арналған тартымды еңбек. Жұмыста ресейлік құқықтық реализмнің көрнекті өкілдерінің құқық және мемлекетке қатысты көзқарастары және олардың кейбір батыстық әріптестерінің пайымдауларына зерттеу жүргізіледі.



Обложка книги «Russian Legal Realism». Источник: <https://www.springer.com/gp/book/9783319988207>

Автордың ойынша, құқықтық нормалар реттеу функциясын нәтижелі атқару үшін жалпы адамдар арасындағы коммуникациялық ережелердің талаптарын ескеруі қажет (мысалы, екіжақтылық ережесі). Егер ондай талаптар ескерілмесе, онда құқықтық нормалардың легитимділігі мәселесі пайда болуы мүмкін, басқаша айтсақ, құқық субъектілері қолданатын коммуникациялық ережелерге құқық нормалары қаншалықты сай келсе, соншалықты олар кеңірек қолданылады. Әрине бұл өте қарапайым түсінік беру, реалды жағдайда мемлекет пен қоғамдағы басқа да факторлар коммуникацияға өз әсерін тигізеді (мысалы, аксиологиялық). Коммуникацияға құқықтық нормалар қолданған кезде құқықтық коммуникация пайда болады.

Мақала авторының коммуникациялық тәсілі оригиналды және құқықтық реализм постулаттарына сай, бірақ оған қатысты автордың позициясымен келісу қиын. Біріншіден, құқық нормаларының басты міндеті – адамдар арасындағы коммуника-

«The St. Petersburg School of Legal Philosophy and Russian Legal Thought»² мақаласында Andrey Polyakov әйгілі Ресей ғалымы Лев Петражицкий Санкт-Петербургте құқық философиясы бойынша өз мектебінің пайда болуының ерекшеліктерін қарастырады. Автордың пайымдауынша бұл мектеп – Ресейдегі құқықтық реализм философиясының бір бұтағы. Мақалада Л. Петражицкийдің құқық философиясына қатысты ойлары қарастырылумен бірге, сол кездегі ресейлік құқық концепцияларына да шолу жасалған. Жұмыста құқық табиғатына қатысты психологиялық тәсілдің жағымды және жағымсыз жақтары ашылады.

Автордың пікірінше, қазіргі кезде ресейлік құқықтық теорияның негізгі мақсаты – құқықтың тәжірибелік түсінілуін оның ғылыми деңгейде түсінілуіне жақындату және теоретикалық бытыраңқылыққа жол бермеу.

Мақала авторы өзінің, коммуникациялық тәсілге негізделген құқық түсінігін ұсынады.

²Поляков А. «Құқық философиясының Санкт-Петербург мектебі және Ресейдегі құқықтық ойлар».

циялық ережелерге сай келуі емес, керісінше, өзінің императивтік күшін қолдана отырып осындай коммуникациялық ережелердің қоғам мен мемлекетке зиян келтіретін түрлеріне тыйым салу, оларды өзгерту немесе қажет болған жағдайда жаңа (тарихи жағдайға сай) ережелерді жасау және олардың адамдар арасында коммуникациялық акт үдерісінде қолданылуын қамтамасыз ету. Екіншіден, коммуникацияның екіжақты болуы, ол екіжақты мойындалған және жауапкершілікпен қамтамасыз етілуі мүмкін, бірақ аталған құбылыстардың болуы әрқашан коммуникацияның мәні әділетті және қоғамға пайдалы болуын қамтамасыз ете алмайтын сияқты. Үшіншіден, коммуникациялық актілердің құндылықтары мен құқықтық құндылықтар бір-біріне сәйкес келе бермейді. Бірақ бұған қарамастан, автордың коммуникациялық тәсілі құқықты іске асыру аясында жақсы перспективаларға ие деп санауға болады.

Келесі «Law and Social Constructivism: The Russian School of the Legal Realism Reexamined»³ жұмыстың авторы Andrey N. Medushevsky ресейлік құқықтың психологиялық мектебін әлемдік реалистік ойлар контекстінде қарастыруға қадам жасайды. Ресейдегі құқық философиясының дамуы халықаралық деңгейдегі құқық философиясының дамуынан кардиналды өзгерістерге ие болуы әрине мүмкін емес. Бірақ автордың пайымдауынша, Ресейдегі құқық философиясының психологиялық бағытының ерекшеліктерін, әлемдік тенденциядан маңызды айырмашылықтарын ашу үшін оны осы бағыттағы халықаралық қозғалыспен бірге зерттеу қажет.

Мақалада ресейлік құқық әлеуметтануының халықаралық деңгейде жасаған үш негізгі жаңалықтары көрсетіледі. Ең алдымен Ресей құқық әлеуметтануында құқық жүйесі бір иерархиялық жүйе ретінде қарастырылмай, ұдайы өзгеріп отыратын көптеген қосалқы жүйелер түрінде белгіленеді. Бұндай қосалқы жүйелердің бір-бірінен айырмашылығы – олардың эмпирикалық және жүріс-тұрыстың моделдері әр түрлі. Құқықтық жүйеге деген осындай түсінік бұрынғы формалды (құқық жүйесі – біртұтас, өзгермейтін және тұрақты жүйе) түсінікке қайшы келді және оған қарағанда өмірде болып жатқан құбылыстарға жақынырақ болды және олардың себептері мен салдарларын ақылға сыйымды түрде түсіндіруге қабілетті еді. Екіншісі – ресейлік құқық әлеуметтануының дамуы Ресей Империясындағы позитивтік құқық пен қоғамның құқықтық санасының қайшылығының шиелену кезеңіне сай келді. Яғни, ресейлік құқық философиясын зерттеушілерінің көздерінің алдында формалды емес нормалардың кейбір жағдайда құқық нормаларынан кеңірек қолданылуы, заң нормаларының ешқандай мәнінің болмауы сияқты оқиғалар кең өріс алған. Мүмкін, осыған байланысты шығар, нақты сол кезеңде Ресейде психологиялық құқық теориясы бағытының жақсы дамуы. Ресейлік құқық әлеуметтануының ерекшелігі – қоғамның дамуындағы құқықтық және аксиологиялық аспектілерді әр түрлі құбылыстар ретінде қарастыру, құқықтың дәстүрлі емес қайнар көздеріне деген қызығушылық, әлеуметтік, ұлттық және гендерлік теңсіздікке назар аудару. Үшіншісі – «санкциясыз» заң. Формальды тәсілге сәйкес заң жүзеге асырылуы үшін

³ Медушевский А. «Құқық және әлеуметтік конструктивизм: құқықтық реализмнің ресейлік мектебіне жаңа көзқарас».

мемлекет жағынан санкцияны қолдану қаупі немесе қолданылуы қажет. Ал реалистік тәсілдің тұжырымы – заңда көрсетілген іске асатын жүріс-тұрыс ережелерінің өздері – өмірде бар жүріс-тұрыс ережелерінен шыққан, сондықтан олар іске асырылуы үшін мемлекет тарапынан физикалық мәжбүрлеу міндетті түрде қажет емес. Өйткені ондай жүріс-тұрыстардың жүзеге асуы психологиялық құбылыстардың (этикалық нормалар, квазиадамгершілік инструменттері, идеологиялық және тағы с.с. құбылыстар) күшімен қамтамасыз етіледі. Қысқаша айтқанда, «санкциясыз заң» қоғамның немесе белгілі топтың психологиялық әсерімен қамтамасыз етілетін құқықтың түрі.

Автордың ойынша, ресейлік психологиялық құқық мектебінің мазмұны еуропалық жұмсақ құқық концепциясының мазмұнына ұқсас келеді. Екеуі де таза күшке сүйенбей, өз мақсаттарына жету жолында адамгершілік, идеологиялық, этикалық инструменттерді пайдалануды басымдылыққа қояды.

Жұмыстың тағы бір ерекшелігі – автор тек салыстырмалы талдау ғана жасамай, оған қоса, психологиялық тәсілдің кейінгі совет одағы құқығының критикалық теориясының дамуына әсерін зерделеп, нәтижелерін бағалайды. Сонымен қатар, ресейлік құқықтың психологиялық мектебінің ХХ ғасырдағы құқықтық әлеуметтанудың дамуына қосқан үлесі туралы пікірлер келтіріледі.

Николай Коркуновтың ресейлік құқық философиясының дамуына қосқан үлесінің зор екендігі даусыз факт болып табылады. Петербургтік құқық философиясы мектебінің өкілі, бұл әйгілі ғалым тек ресейлік ғана емес, сонымен бірге әлемдік құқықтық ойда әлі толық зерттелмеген бағыт – құқықтың интегративтік теориясын негіздеумен айналысқан. Н. Коркуновтың философиялық ойларының мәнін Andrey Polyakov өзінің «The Theory of State and Law by Nikolay Korkunov»⁴ атты мақаласында ашып көрсетті.

Автор Н. Коркуновтың құқық концепциясы үш құрамдас бөліктен тұратынын атап өтеді: позитивистік, әлеуметтік және психологиялық. Жұмыста Коркуновтың құқық концепциясы осы үш бағытқа байланысты тұрғыдан қарастырылып, әр тәсілдің ерекшеліктері ашылып дәйектелді.

Коркунов өз жұмыстарында жеке және азаматтық бостандықтың қорғалуына үлкен мән берген. Оның ойынша, азаматтық бостандық болмаған жерде «қоғамның прогрессивтік дамуы» мүмкін емес. Өмірдің екі аясына мемлекет ешқашан араласпауы тиіс – дін және ғылым. Бірақ Коркунов либералды консерватизм бағытының өкілі болған. Яғни, жеке мүдделер мен мемлекеттік мүдделер арасында баланс болуы қажет. Жеке мүдделер қоғамдық мүдделерге немесе мемлекеттік мүдделерге зиян келтірмеуі тиіс. Адамның жеке бостандығы ұлттық бірлікпен шектеледі.

Ресей Конституциялық құқығының негізін салушы, құқық философиясының әлеуметтік бағытын Ресейде бірінші болып дамытқан белгілі құқықтанушы ғалым Сергей Муромцевтің әлеуметтік тәсілмен байланысты шығармашылығының ерекшеліктерін «Sergey Muromtsev: The Founder of Russian Sociological Jurisprudence»⁵ атты

⁴Поляков А. «Николай Коркуновтың мемлекет және құқық теориясы».

⁵Станек Ю. «Сергей Муромцев: Ресей әлеуметтік юриспруденциясының негізін салушы».



Сергей Андреевич Муромцев.

Источник: <https://ru.wikipedia.org/wiki>

мақаласында Julia Stanek зерттейді. Құқықтық қатынастар қоғамдық қатынастардың бір бөлігі болып табылады. Яғни, кез келген құқықтық қатынас – әлеуметтік қатынас. Мақала авторы, С. Муромцевтің құқықтық идеяларын анық және түсінікті етіп келтіруге тырысады. Жұмыстың тағы бір ерекшелігі – Муромцев құқықтық қатынастар мен заңи қатынастар арасында айырмашылықтың бар екендігін негіздеуі зерделенеді. Жұмыс авторы Муромцевтің судьялар рөліне деген құқықтың ойларын және құқықтық қатынастарды қалыптастырудағы рөліне қатысты позициясын ашып, талқылайды. Атап айтқанда, автор Муромцевтің құқық шығармашылық және құқық қолдану үдерісіндегі судьялардың рөлі туралы ойларын талдайды. Муромцевтің ойы бойынша, судьялар тек қана пассивті түрде заңды жүзеге асырушы болулары мүмкін емес. Судьялар тек «заңды атқарушылар» түріндегі концепция рим құқығының олқылығы ретінде

саналады. Шын мәнінде судья заңдарды тек нақты жағдайларға қатысты қолданады. Сондықтан ол міндетті түрде заңды осы нақты жағдайға қатысты тарқату қажет. Егер заңда олқылық болса, оның орнын өз ойынан (заң аналогиясын қолдана отырып) толтыруы керек. Жоғарыда айтылғаннан екі тұжырым жасауға болады: 1) тарқату кезінде ашық немесе көрінеу емес түрде заң нормасы өзгертіледі; 2) заң аналогиясын қолдану іс жүзінде құқық шығармашылықпен айналысуды білдіреді.

Мақала авторының пікірінше, С. Муромцевті ресейлік құқықтық реализмнің бастамашысы ретінде санауға болады. Әсіресе, ғалымның құқықтық реализмнің әлеуметтік бағытына қосқан үлесі зор бағаланады.

«On Leon Petrazycki's Critical Realism and Legal Realism»⁶ мақаласында Edoardo Fittipaldi белгілі ғалым Лев Петражицкийдің құқықтық ойлары критикалық реализмге жақын екендігін пайымдайды. Мақаланың бірінші бөлігінде Л. Петражицкийдің критикалық реализміне талдау жасалған. Екінші бөлігінде – автор Петражицкийдің құқықтық догматикасы мен құқықтық саясаты құқықтық реализмнің түрлері ретінде қарастырылуы тиіс деген шешімге келеді. Петражицкийдің құқық философиясына қатысты ойларын зерттеу үдерісінде жұмыста Петражицкийдің идеяларын жалғастырушы ғалым – Ланде еңбектеріне шолу жасайды.

⁶Фитипалди Э. «Лев Петражицкийдің критикалық және құқықтық реализмі туралы».



Лев Иосифович Петражицкий.

Источник: <https://www.liveinternet.ru/users/kakula/post433412351/>

Автор Петражицкийдің табиғи құқыққа, құқықтық саясатқа, құқықтық реттеуге қатысты кейбір ойларына назар аударады. Мысалы, Петражицкийдің пайымы бойынша, құқықтың психологиялық теориясы табиғи құқық теориясының жаңа деңгейдегі жалғастырушысы бола алады. Құқықтың психологиялық теориясы реалистік және эмпирикалық мәліметтерге сүйене отырып құқық жасаушыға жолсілтеме рөлін атқарады.

Құқықтық саясатты Петражицкий қолданбалы психологияның бөлігі деп санады. Өйткені, оның ойынша құқықтық саясат адамдардың әлеуметтік жүріс-тұрысын реттеуді мақсат етіп қояды. Яғни, адамдардың уәждемесіне (құқықтық уәждемесіне) әсер етеді. Сондықтан, құқықтық саясат психологиямен тікелей байланысты болып табылады.

Тағы бір назар аударарлық жайт, Петражицкий эмпирикалық дәлелдемелерге зор көңіл бөлген. Жұмыста автор осы моментті бөлек

атап өтеді. Петражицкийдің ойынша құқықтық саясат тұратын барлық теориялар, концепциялар және шешімдер міндетті түрде эмпирикалық материалдарға негізделген болулары тиіс.

Кезекті «The Logical and Methodological Foundations of the Theory of Law of Leon Petrazycki in the Context of the Analytical-Phenomenological Tradition»⁷ мақалада Elena Timoshina құқықтық психологиялық теориясының әдіснамалық негіздерін ашады. Автордың ойынша, Л. Петражицкийдің әдіснамалық зерттеулері аналитикалық-феноменологиялық дәстүр аясында жасалған.

Құқықтың психологиялық теориясын қалыптастырғанда Петражицкий кешенді түрде әрі түрлі әдіснамалық тәсілдерді қолданған. Түрлі әдіснамалық инструменттердің қолданылуы кейінірек, Петражицкийдің ілімін тек реалистикалық әлеуметтік бағытта ғана емес (Я. Курчевский, Н. Тимашев және басқалар), сонымен бірге феноменологиялық бағытта да зерттеуге мүмкіндік жасады (Ж. Гурвич, П. Михайлов, Г. Нанейшвили).

Мақала авторы назар аударған қызықты сәт: Петражицкий табиғи құқық теориясының өкілдерінің кейбір көзқарастарымен келіспейтіні. Петражицкийдің ойынша олар өздерінің интуитивті-құқықтық тәжірибесі нәтижесінде табиғи құқық теориясын қалыптастырып, осы теорияны объективті өмірдің шындығы ретінде түсіндіру-

⁷Тимошина Е. «Лев Петражицкийдің құқық теориясының аналитикалық-феноменологиялық дәстүр контекстіндегі логикалық және әдіснамалық негіздері».

ге тырысады. Бірақ, құқық немесе заң эмпирикалық зат емес. Яғни, оларды субъект өз санасынан интроспективті түрде ғана бақылай алады. Сондықтан, Петражицкийдің пайымдауынша, заң – ол императивті-атрибутивті эмоция болып табылады.

Петражицкийдің қолданған методологиясын зерттеу аясында автор Гуссерлдің «Логикалық зерттеулер» атты еңбегін қарастырады. Кейін, Петражицкий мен Гуссерл методологиялық тәсілдері арасында салыстырмалы талдаудың нәтижесінде автор Петражицкий өзінің құқықтың ойларын дамыту жолында аналитикалық феноменология негіздерін қолданды деген пікірге келді.

Петражицкийдің кейбір шәкірттері оның құқық философиясы аясындағы зерттеулерін феноменологиялық бағытта дамытуға қадамдар жасағаны белгілі. Мақалада автор осындай жұмыстардың кейбіреулеріне қатысты өз ойларын білдіреді.

«Eugen Ehrlich and Leon Petrazycki: Are Emotions a Viable Criterion to Distinguish Between Law and Morality?»⁸ атты жұмыста Mikhail Antonov құқық әлеуметтануында, Лев Петражицкий және Евгений Эрлих еңбектерін талдау нәтижесінде эмоциялардың алатын рөлін қарастырады. Басқаша айтқанда, эмоциялар тілінде заң қалай түсініледі? Осы сұраққа Лев Петражицкий және Евгений Эрлих қалай жауап берді? Аталған мақалада автор осы мәселелерді қарастыру нәтижесінде, яғни, заңға эмоциялар арқылы анықтама беру жолында екі ғалым да ұқсас әдіснама мен тәсілдерді қолданғанын атап өтеді.

Петражицкий мен Эрлихтың еңбектерін зерттеудің нәтижесінде, аталған жұмыста келесі тұжырым келтірілген: құқық мен адамгершілік екеуі де субъективті эмоциялардың түрлері. Құқық – императивті-атрибутивті эмоцияларға жатады (яғни, субъект өзінің міндеттілігін сезінеді (заңды міндет), бірақ басқалардан да қандай да бір әрекеттің жасалуын күтеді (субъективті құқық)). Ал адамгершілік (мораль) біржақты, тек императивті эмоция (яғни, тек міндеттілікті білдіреді).

Петражицкий мен Эрлих адамдардың жүріс-тұрысының әлеуметтік себептерін зерттеуде субъективті психикалық ерекшеліктерге көп көңіл бөлгендеріне қарамастан, өздерінің еңбектерінде эмпирикалық зерттеулердің маңыздылығына назар аударады. Автордың ойынша, аталған ғалымдар құқық ғылымының дамуының жаңа перспективасын ашты – барлық нәтижелер тексерістен өтетін эмпирикалық ғылым моделі. Құқық ғылымы психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктер мен зерттеулердің нәтижелерін ескеретін пәнаралық ғылымға айналуы тиіс.

Сонымен қатар, Петражицкий мен Эрлихтың қолданған тәсілдері, скандинавиялық ғалым Аксель Хагерстромның тәсілдеріне өте ұқсас екенін байқалады. Жұмыстың нәтижесі – ХХ ғасырдың басында құқыққа қатысты реалистикалық, әлеуметтік және психологиялық тәсілдер бірге дамып, сол кезеңдегі құқықтың дамуының жаңа үрдісі пайда болды деген тұжырым.

⁸ Антонов М. «Евгений Эрлих және Лев Петражицкий: құқық пен адамгершілікті ажырату үшін эмоциялар жеткілікті критерий болып табылады ма?».

⁹ Золькин А. «Құқықтың Ресейлік натуралистік және феноменологиялық теориясы және сананы түсінудің заманауи аналитикалық философиясы».

Andrey Zolkin өзінің «Russian Naturalistic and Phenomenological Theory of Law and Contemporary Analytical Philosophy of Mind»⁹ жұмысында Л. Петражицкийдің психологиялық теориясы сол кезеңдегі Г. Бергсон мен Э. Гуссерль жұмыстары арқылы, жалпы философияның интуитивтік бағыты ретінде түсінілгенін атап көрсетеді. Бірақ автордың пікірінше, Петражицкийдің құқық және адамгершілік арақатынасы туралы ойларын заманауи кезде басқаша түсіну қажет. Ол үшін біз сананың табиғи түсінілуін және интенционалдық феномендерін қолдануымыз керек. Автордың пікірінше, бұл бағытта, Петражицкийдің тезистерін дәйектейтін жұмыстардың бірі – американдық Дж. Сирл еңбектері.

Жұмыста автор рухани онтологияның құқық ғылымының дамуында ескерілу мәселесіне назар аударады. Өйткені, қазіргі кезде құқық ғылымы реалды өмірге қатысы жоқ, негізінен формальды және мәнсіз анықтамаларды қолданады. Петражицкий мен Гурвич осындай тәсілге қарсы болған.

Сирлдың концепциясын қарастыра отырып, автор ондағы сана, тұлға және құндылықтар феномендерінің ерекшеліктерін атап өтеді. Әрбір адамға тиесілі жауапкершілік, кінә, қадір-қасиет, сыйақы, мадақ, жаза, құптамау құбылыстарын тереңірек зерттеу құқықтың спиритуалистік теориясын әрі қарай модернизациялауға үлес қосады деп сенеді. Жалпы айтқанда, автордың пайымдауынша, Сирлдың спиритуалистік концепциясын, ресейлік құқықтық әлеуметтік және психологиялық теорияларын дамыту үшін пайдалануға болады.

Петражицкийдің құқықтық психологиялық теориясын белгілі дамытушыларының бірі – Михайл Рейснер. Петражицкийдің басқа қолдаушыларына қарағанда Рейснер психологиялық теорияны таза түрінде емес, марксизммен бірге интеграциялауды жасауға тырысты. Осының нәтижесінде Рейснер мемлекеттің психологиялық теориясын жасады. Oleksandr Merezhko дайындаған «The Unrecognized Father of Freud-Marxism: Mikhail Reisner's Socio-Psychological Theory of State and Law»¹⁰ мақаласына сәйкес Рейснер мемлекетті құруда үш негізгі элементтерді бөліп көрсетеді:

Біріншіден, әлеуметтік және мемлекеттік идеологияның негізгі бастауы – адамның психологиялық ерекшеліктері; екіншіден, идеология таза психиканың жемісі емес, ол сол кездегі геополитикалық, экономикалық, саяси, халықаралық және басқа да жағдайларға тәуелді болып келеді; үшіншіден, мемлекеттік идеялардың адамдардың өміріне әсерін көрсететін – қоғамның саяси жүріс-тұрысы.

Автордың пайымдауынша, әлеуметтік ұйымдастырудың үш түріне қатысты Рейснер құқықтың нысандарын анықтайды: (1) «сексуалды-мистикалық» нысандағы табиғи заң (примитивті құқық); (2) «романтикалық-эстетикалық» нысандағы табиғи құқық (орта ғасырлар заманындағы құқық); (3) екі түрлі рационалды заң: (а) сананың табиғи заңы (Ағарту заманы) және (ә) қазіргі кездегідей түсінілетін позитивті құқық.

¹⁰Мережко О. «Фрейд-марксизмнің танылмаған атасы: Михаил Рейснердің мемлекет пен құқықтың әлеуметтік-психологиялық теориясы».

Рейснер экономикалық және әлеуметтік-идеологиялық жағдайлардың арасында байланысты зерттеу нәтижесінде, идеология – нақты экономикалық деңгей жағдайларына бейімделуді қамтамасыз ететін құрал деген пікірге келеді. Қоғамда «экономикалық өндіріспен» қатар, сол экономикалық өндіріс деңгейіне адамдардың жүріс-тұрысын сәйкес келтіретін «идеологиялық өндіріс» те болады. «Идеологиялық өндіріс» материалдық өндірісті аяқтайды да, класстық адамгершілік (мораль), класстық құқық және класстық мемлекетті құрады.

Мақала мазмұнына сәйкес, Маркс пен Фрейдің жұмыстарына сілтеме жасай отырып, Рейснер адамзаттың үш өзара байланысты қызмет түрін атайды: экономикалық қызмет, идеологиялық қызмет және жанұялық қызмет.

Рейснердің пікірінше, әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, мемлекет – идеология басты орын алатын үдеріс. Сонымен бірге, Рейснер өзінің психологиялық концепциясын Зигмунд Фрейдтің идеяларымен біріктіруге тырысты. Автордың пайымдауынша, Рейснер фрейдомарксизм секілді бағыттардың негізін қалаушысы болып табылады.

«Between Psychology and Sociology: The Continuers of Psychological Legal Theory»¹¹ атты мақалада Julia Stanek әйгілі ғалым Лев Петражицкийдің кейбір шәкірттерінің құқықтық ойларын зерттейді. Петражицкийдің концепциясын оның шәкірттері психологиялық және әлеуметтік бағытта дамытқаны белгілі. Психологиялық бағыт бойынша М. Лазерсон мен А. Круглевский философиялық ойлары, ал әлеуметтік бағыт бойынша П. Сорокин мен Н. Тимашев ойлары талданады. Бірақ, автордың пайымдауынша, бұндай екі бағыттың болуына қарамастан, барлық аталған авторлардың идеяларын бір сөз тіркесімен біріктіруге болады, ол – ресейлік құқықтық реализм.

Сорокиннің көзқарастарын зерделей отырып, автор, оның ойынша қоғамдағы барлық нормалар ресми және ресми емес болып бөлінетіндігін көрсетеді. Олардың айырмашылығы – ресми нормалар барлық қоғам мүшелеріне тиесілі және олардың пікірлеріне тәуелді емес. Ресми нормалардың орындалуы мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі. Ресми емес нормалар әрбір адамға, адам топтарына, түрлі кәсіби топтарға тиесілі. Ресми емес нормалардың позитивті жағы – олар нақты жағдайға бейімделген, белгілі динамикалық қоғамдық қатынастарды нәтижелі реттейді және субъектілер бұл нормаларды өз негізінен еркі бойынша орындайды (классикалық түрдегі санкция қажет емес).

Заңның ерекшеліктерін қарастыру нәтижесінде Сорокин оның екі функциясын көрсетеді:

- Демаркациялық функция. Бұл функцияның мақсаты – қоғам мүшелері арасында кімде қандай құқықтар немесе міндеттер бар екендігін үлестіру.

- Ұйымдастырушылық функция. Аталған функция қоғамда билік институтын құрады. Яғни, қоғамда жария билікті қалыптастырады.

Тимашевтың жұмыстарын зерттей отырып, автор аталған ғалымның заң мен билік арасындағы байланыстары туралы ойларына назар аударады.

¹¹Станек Ю. «Психология мен әлеуметтану арасында: психологиялық құқықтық теорияның жалғастырушылары».

Субъектілер биліктің «билеуіне» бас ие берсе, бұндай бағыныштылыққа олар үйреніп қалады. Нәтижесінде, субъект биліктің шешімдеріне қанағат болмаса да, ұзақ мерзім ішінде автоматты түрде оларды орындай береді деген тұжырым бар. Мақалада Жан Пиаже мен Игорь Карузоның өткізілген экспериментінің нәтижелері қызықты: олар заң мен адамгершілік (мораль) арақатынасын эмпирикалық тест жасау арқылы зерттеп, адамгершілік (мораль) заңға қарағанда субъекті үшін доминантты болатындығын дәлелдеді.

Петражицкийдің тағы бір шәкірті Лазерсон интуитивті құқық концепциясын дамытты. Мақала авторы, Лазерсонның интуитивті құқықты екіге бөліп қарастырғанын жазады. Төменгі деңгейде – индивидуалды өзгеретін интуитивті құқық. Бұл аяда жүріс-тұрыс моделдері немесе стандарттар жоқ және ол заңмен реттелмеген. Сондықтан, нақты жағдайға жауап ретінде субъекті өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып ережелер қалыптастырады. Бұл ережелер тек осы түрткі болған қоғамдық қатынастардың аяқталуына дейін ғана өмір сүреді. Яғни, бұндай, бір моментті, қысқа мерзімді ережелер жалпы стандартқа, моделге айналмайды. Жоғары деңгейде – әлеуметтік-адаптивті интуитивті құқық. Аталып өткен, индивидуалды өзгеретін құқыққа қарағанда, бұл құқықтың түрі индивидуалды емес, әлеуметтік топтарда өзгеріске ұшырайтын құқықтың түрі. Басқаша айтқанда, әлеуметтік-адаптивті интуитивті құқық дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік топ мүшелерінің абсолютті көпшілігінің қандай да құбылысқа немесе мәселеге ұқсас, дерлік бірдей көзқарастары. Эволюциялық даму нәтижесінде индивидуалды өзгеретін интуитивті құқық бірте-бірте әлеуметтік-адаптивті интуитивті құқыққа айналуы мүмкін. Бірақ, ондай эволюциялық өзгеріске кез келген индивидуалды интуитивті құқық емес, тек әлеуметтік топтың жалпы уәждемесіне елеулі әсер ететін, оны өзгерте алатын индивидуалды интуитивті құқық түрлері ғана қол жеткізе алады. Сонымен бірге, егер индивидуалды интуитивті құқық тек белгілі субъект үшін ғана «міндетті» және уақыт бойынша шектелген болса, әлеуметтік-интуитивті құқық белгілі топтарға «міндетті» және «міндеттілік» уақыты бойынша дерлік шектелмеген. Мүмкін сондықтан шығар, Лазерсон, өз еңбектерінде, адамдардың индивидуалы психикалық ерекшеліктерімен қатар, әлеуметтік топтардың құқықтық әсерленушіліктерін зерттеуді маңызды етіп санаған.

Лазерсонның пайымдауы бойынша, жоғарыда көрсетілген интуитивті құқықтардың түрлерінің тағы бір айырмашылығы – уәждеме деңгейінде. Мақала авторы, Лазерсонның пікірін келтіре отырып, оның келесі ойына назар аударады: уәждеме деңгейі бойынша ең төменгі деңгейде белгілі индивидтің ерекшеліктерімен байланысты индивидуалды өзгеретін интуитивті құқық, бұл интуитивті құқық түрінде уәждеме деңгейі тек белгілі субъект шеңберінде болады және басқа субъектілердің уәждемесіне дерлік әсер етпейді; келесі қадам – уәждеме деңгейін топтық көзқараспен қамтамасыз етілген, сондықтан әсері жоғарырақ болып келетін әлеуметтік-интуитивті құқық; уәждеме әсері ең жоғары деңгейді болатын – позитивті құқық (басқамен қатар, мемлекеттің мәжбүрлеу күші арқасында).

Петражицкийдің мұрасын жалғастырған, тағы бір ғалым – А. Круглевский. Бұл ғалым, әлеуметтік мәдениеттің құқық шығармашылыққа әсерін зерттеген. Оның

ойынша, мемлекеттегі құқықтың деңгейі әрқашан сол кездегі әлеуметтік мәдениеттің орташа деңгейіне сай келеді. Мемлекет өз заңдары арқылы өзінің азаматтарының жеткіліксіз білім немесе мәдениет деңгейінің орнын толтыруға тырысады. Яғни, кейбір азаматтар өз еркі бойынша құқықтық тәртіптің және әлеуметтік белсенділіктің пайдасын және қажеттілігін түсінбесе, мемлекет заңдар арқылы азаматтардың жүріс-тұрысына түзетулер енгізеді. Егер қоғамдағы әлеуметтік мәдениет деңгейі төмен болса, заңдардың азаматтар психикасына әсері күшейе түседі (өйткені, субъектілерге заңдарды құндылық ретінде қабылдау қиынға түседі). Керісінде, егер қоғамдағы әлеуметтік мәдениет жоғары болса, сәйкесінше азаматтар заңдардың құндылығын түсінеді, сондықтан олардың психикасына заңдардың әсері бәсеңдеу болады (өйткені, азаматтардың еркі мен заңдардың еркі негізінен бір-біріне сәйкес келеді).

Круглевскийдің ойынша, мемлекеттің заңнамасы сол қоғамдағы орташа құқықтық сана деңгейін көрсетеді. Яғни, заңдар сапасы жоғары болу үшін, мемлекет азаматтарының әлеуметтік және құқықтық мәдениетін дамыту қажет.

Қорытындылай келе, «RUSSIAN LEGAL REALISM» мақалалар жинағы ресейлік құқық философиясының әлеуметтік және психологиялық құқық теориясының көрнекті өкілдері мен жұмыстарына сәуле беретін қазіргі заман үшін актуалды еңбек болып табылады.

Ресейлік құқықтың реализмнің негізін салған тұңғыш өкілдері өз заманындағы әлемдік құқықтық реализм философиясын XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы Ресейдегі болып жатқан әлеуметтік және құқықтық үдерістер prizмасы арқылы зерттеген. Яғни, Ресейдегі әлеуметтік және психологиялық құқық теорияларының дамуының бірегейлігі – осы теориялар пайда болған және дамыған кездегі Ресей Империясындағы саяси-құқықтық және әлеуметтік жағдайы. Бір жағынан – жақсы білім алған, заманауи құқық философиясының нәтижелерімен таныс, Батыс Еуропа елдері ғұламаларының еңбектерін зерделеген ресейлік құқық философиясының өкілдері. Екінші жағынан, осы адамдар өмір сүріп жатқан мемлекеттегі ахуал – феодалдық тәртіп өзінің құлдырау шегіне жетіп, қоғам жағынан мемлекеттік билік жүйесіне сенімсіздік артуы, мемлекеттік билік және дәстүрлі құқық (позитивті құқық) институттарының өз функциясын орындай алмауының нәтижесінде басқа әлеуметтік нормалардың (әдет-ғұрып, адамгершілік (мораль), діни және т.б.) күшеюі сол кездегі Ресейде ерекше құқықтық реализм философиясының қалыптасуына әсер етті деп тұжырымдауға болады.

Жоғарыда аталған факторлардың синтезі әлемдік құқық философиясының құқықтық реализм бағытына қайталанбас, мемлекет және құқық феномендерін түсінуде жаңа, ерекше идеялар, көзқарастар мен ілімдердің пайда болуына және дамуына алып келді.

«RUSSIAN LEGAL REALISM» мақалалар жинағы құқықтың әлеуметтік және психологиялық теорияларын зерттеумен айналысатын және құқық философиясына қызығушылық білдіретін зерттеушілер мен ғылыми ұжымдарға ұсынылады.

Ж.Р. Темирбеков: Рецензия на сборник статей «RUSSIAN LEGAL REALISM».

Настоящая статья является рецензией на книгу под редакцией Bartosz Brożek, Julia Stanek и Jerzy Stelmach: «Russian Legal Realism», Springer. 2018. – 176 с. Книга является уникальным изданием, отражающим современный взгляд на идеи, теории и концепции некоторых видных российских ученых-первопроходцев преимущественно в сфере социологической и психологической теории права и государства.

В рецензируемой работе особое внимание уделено психологическому подходу в теории права выдающегося ученого своего времени Льва Иосифовича Петражицкого и социологическому подходу, основоположником которого считается видный российский социолог-позитивист – Сергей Андреевич Муромцев. Кроме того, в книге анализируются политико-правовые идеи о государстве и праве таких ученых как Николай Коркунов, Михаил Рейснер, Моисей Лазерсон, Александр Круглевский, Питирим Сорокин, Николай Тимашев и некоторых других. Также можно найти интересные утверждения и мысли в сфере социологии и психологии, высказанные Эдмундом Гуссерлем, Евгением Эрлихом, Джоном Сёрлом и другими известными исследователями. Дополнительную ценность работам, входящим в данный сборник придает проведение в некоторых статьях довольно глубокого сравнительного анализа между идеями представителей российского правового реализма и их зарубежными коллегами. Удачно подобранная тематика статей делает книгу интересной и познавательной для чтения не только для интересующихся философией права, но и для любого читателя.

Ключевые слова: российский правовой реализм, правовая культура, психологическая теория права, правовые идеи Л. Петражицкого, социологическая теория права, правовое сознание, правовые идеи С. Муромцева, правовые идеи Н. Коркунова, взгляды М. Рейснера, социальная культура.

Zh.R. Temirbekov: Review of the collection of articles «RUSSIAN LEGAL REALISM».

This article is a review of a book edited by Bartosz Brożek, Julia Stanek and Jerzy Stelmach: Russian Legal Realism, Springer. 2018. – 176 p. The book is a unique publication that reflects a modern view of the ideas, theories and concepts of some prominent Russian pioneers predominantly in the field of sociological and psychological theories of law and the state.


In the reviewed work, the special attention is paid to the psychological approach in the theory of law of the outstanding scientist of his time Leon Iosifovich Petrażycki and the sociological approach, the founder of which is considered to be the prominent Russian sociologist-positivist – Sergey A. Muromtsev. In addition, the book reflects the political and legal thoughts about the state and law of such scientists as Nikolai Korkunov, Mikhail Reisner, Moses Lazerson, Alexander Kruglevsky, Pitirim Sorokin, Nikolai Timashev and some others. One can also find interesting statements and thoughts in the field of sociology and psychology made by Edmund Husserl, Eugen Ehrlich, John Searle and other famous researchers. An additional value to the works included in this collection is given by providing in some articles of a rather in-depth comparative analysis between the ideas of represen-

tatives of Russian legal realism and their foreign colleagues. Well-chosen topics of the articles make the book interesting and informative for reading, not only for those interested in the philosophy of law, but also for any other reader.

Keywords: Russian legal realism, legal culture, psychological theory of law, legal ideas of L. Petrażycki, sociological theory of law, legal consciousness, legal ideas of S. Muromtsev, legal ideas of N. Korkunov, views of M. Reisner, social culture.

Библиография:

1. Stelmach J., Stanek J., Brożek B. Russian Legal Realism. Springer. 2018. – 176 p.



Труды академика Салахидена Сабикенова по общей теории права, конституционному и международному праву [Сабикенов С.Н. Избранные труды в трех томах]. Алматы: «Издательство «Жеті жарғы», 2019:

Сабикенов С.Н.

Труды академика Салахидена Сабикенова по общей теории права. Алматы: «Издательство «Жеті жарғы», 2019. – 312 с.

Сабикенов С.Н.

Труды академика Салахидена Сабикенова по конституционному праву. Алматы: «Издательство «Жеті жарғы», 2019. – 292 с.

Сабикенов С.Н.

Труды академика Салахидена Сабикенова вопросы современного международного праву. Алматы: «Издательство «Жеті жарғы», 2019. – 320 с.



НОВЫЕ КНИГИ

Клеандров М. И. Судейский корпус России: совершенствование механизма формирования: монография. М.: Норма : ИНФРА-М, 2019. – 320 с.

ISBN 978-5-91768-692-9 (Норма)

ISBN 978-5-16-015225-7 (ИНФРА-М, print)

ISBN 978-5-16-107690-3 (ИНФРА-М, online)

В монографии рассматриваются проблемы организационно-правового механизма отбора кандидатов на должности судей и наделяния их судейскими полномочиями. Необходимость стереоскопического подхода к проблеме потребовала анализа развития как отечественного механизма формирования судейского корпуса в динамике, так и международного и зарубежного регулирования в данной сфере.

Исследуются вопросы института кандидата на должность судьи, методов оценки его профессионализма, медицинского и психодиагностического обследования, имущественного ценза, механизма конкурсного отбора, «цены» кадровой ошибки при назначении на должность судьи. Вносятся и обосновываются предложения о радикальном совершенствовании порядка отбора кандидатов на должности судей и наделяния их судейскими полномочиями.

Для законодательных и правоприменительных органов страны, судей и аппарата судебных органов, органов судейского сообщества, ученых, аспирантов и студентов юридических вузов, а также практикующих юристов.